

**Шет аудандық археологиялық-этнографиялық музейінің өткізген
жиналысының хаттамасы № 3**

Ақсу Аюлы ауылы

2026 жылғы 20 ақпан

10 сағат 00 минут

Төрайым еткен :

Музей басшысы

С.Қамытбаева

Хатшы:

Б.Баяманова

**Қатысқандар: қызметкерлер – Б.Баяманова, А.Кокина, Д.Аханова,
А.Тажобекова, А.Суиндиқов, Г.Туқенов - 6 адам**

Күн тәртібі:

“Шет аудандық археологиялық-этнографиялық музейі” КМҚК-да бекітілген сыйлықтарды беру Ережесімен таныстыру және Ереже талаптарының орындалуы туралы.

Баяндамашы: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеансқа жауапты тұлға Б.Баяманова.

Жиынды музей басшысы С. Д. Қамытбаева ашып, алда келе жатқан мерекелер алдында Музей қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын мүлтіксіз орындау қажеттілігін, сонымен қатар музей қызметкерлерімен серіктестерден және үшінші тұлғалармен сыйлықтар алу заңға қарама-қайшы екендігін атап өтті.

Бұдан әрі, сөз кезегі баяндамашы Б. М. Баяманова берілді. Өз кезегінде, Б. М.Баяманова қатысушыларды сыйлықтарды беру Ережесінің негізгі талаптарымен және төмендегідей ақпараттармен таныстырды:

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бекіткен құжаты бойынша 04.05.2024 жыл №9 шешімімен бекітілген сыйлықтарды беру Ережесі бекітіліп, енгізілген.

Құжатталған бұл рәсімнің мақсаты - сыбайлас жемқорлықтың көрінісі ретінде қаралуы мүмкін сыйлықтарды ұсынуды немесе қабылдауды болғызбауға бағытталған әрекеттерді регламенттеу.

Музей қызметкерлерінің қолма-қол ақша, чектер, барлық түрдегі ақша аударымдары, атаулы депозиттер, сыйлық төлем карталары, акциялар немесе өзге де бағалы қағаздар, бағалы металдардан жасалған бұйымдар, сәнді заттар, және т.б. сияқты ақшалай сыйлықтарды қабылдауына қатаң тиым салынады. Жиын соңында баяндамашы қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

Музей басшысы



С. Д. Қамытбаева